**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 311 және 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1083 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 тамыздағы № 476 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 311 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 9, 97-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға (келісім бойынша);

Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төрағаның орынбасары;

мына:

"Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы - Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы Философия институтының директоры, "Қазақ энциклопедиясының" бас редакторы;

Аманшаев Ермек Әмірханұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы, хатшы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Философия және

саясаттану институтының директоры, Қазақстан Республикасы академиясының корреспондент-мүшесі;

Аманшаев Ермек Әмірханұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі, хатшы";

көрсетілген құрамнан Мұхаметжанов Бауыржан Әлімұлы, Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы, Тілеухан Бекболат Қанайұлы шығарылсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК